

# Кітапхана киелі мекен

## РУХАНИ ЖАҒЫРУ



**Адам баласын бір - бірінен артық қылатын үш қасиет бар: ол еңбек, жақсы көркем мінез - құлық және білім. Білім күнделікті үстімізге киген киім секілді ескіреді тозады соңында жыртылады. Сол үшін білімді жаңартып тұру керек. Міне сондықтан да кітап оқу адам өмірінде үлкен маңыз атқарады. Адам кітап оқып, ішкі жан дүниесін байытады. Өмірге деген көзқарасын өзгертіп, білімін шыңдайды, сөйлеу мәнері мен жүріс - тұрысы жақсарады.**

Молодежное кентіндегі орталық кітапханасында қызмет жасап жүрген асыл жандар: кітапхана меңгерушісі Бағдат Құсайын Алтайқызы, кітапханашылар: Күміс Ахметова Таутайқызы, Вера Александровна Кондратова, кірген бетте жылы жүзбен оқырманын қарсы алады. Кітапханаға келушілер саны да күн санап өсуде.

Кентіміздегі орталық кітапхана мен орталық мешіт тығыз байланыста. Өркез дін қызметкерлері кітапхана қабырғасын жиі зиярат етіп тұрады. Ол жерде жергілікті кездесулердің куәсі болдық. Қазіргі таңда қой терісін жамылып, ислам дінін бет перде етіп алдарына

мақсат қойып, арам ойларын іске асыру үшін барын салып жатқан дәстүрлі емес діни ағымдар жастарымыздың санасын уламау үшін таптырмас ілім ошағы да осы жер болмақ. Кітапхана өкілдерімен ақылдасып небір тақырыптарда (соның ішінде әрине дін мен дәстүр) арнайы дайындалған видео роликтер көрсетіп оқушыларымыздың біршама діни білімдерін көтердік. Мысалы, осы жылы ақпан айында № 23 ОМ 9-10 сыныптарға ұйымдастырылған арнайы мұғалімдер мен мешіт қызметкерлері қатысқан мәнді «Рухани кемеңгерліктің бейнелі сөзі» атты дін сағаты жиынында болдық. Осындай пайдалы іс-шараларды алдын ала асқан ұқыптылықпен дайындаған кітапхана ұжымының өз қызметтеріне аса бір жауапкершілікпен қарайтыны байқалып тұрды, әлі де жиі болып тұратынына сенім білдіреміз.

Еліміздің болашағы келешек ұрпағымыз жастардың қолында, сондықтан да бізге білімді жастар керек. Сол үшін кітапхана жұмысы жанданса келушілер саны көбейіп, білімге қызығушылық танытар еді. Жас буын өкілдерін патриоттық рухта тәрбиелеп жатқан орталық кітапхана ұжымына кентіміздің тұрғындары атынан үлкен алғысымызды айтсақ деген ниетіміз бар.

«Білім деген – бағасыз гауһар, ал надандық деген шипасыз - ауру» дегендей.

Кітапхана сөрелерінде тұрған баға жетпес байлығымыз - асыл кітаптарымызды оқуға баршаңызды шақырамын.

**Ерлан қажы Халелов  
Мамайұлы,  
Молодежный кенті мешітінің  
наиб имамы**